

Д. Асымова¹ Әлия Болатхан²

¹ *PhD Абай атындағы ҚазҰПУ*

² *докторант, Сүлеймен Демирел атындағы университетінің ғылыми бөлімінің бас маманы*

1917-1980 жж. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Аңдатпа

Мақалада Кеңес елі мектептерінде 1917 – 1980 жылдар аралығында тарихты оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен даму тарихы қарастырылады. Жоғарыда көрсетілген кезеңнің КСРО-дағы тарихи білімнің құрылымы өткен дәуірлер жайлы білімді беруге бағытталған теориялық, оқу - әдістемелік, кадрлық және материалды – техникалық кешендерден тұрады. Тарихи білім беру әдістемесі атаулы кезеңдердегі кеңестік қоғамының саяси жүйесі мен идеологиясын, саяси режим сипаты мен мемлекеттік биліктің құрылымын, әлде қайда жинақталған күйде көрсетеді.

Атаулы мәселелерді зерттеу пәнаралық ізденіс негізінде ғана мүмкін. Тарихты оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихын өңдеу үшін өткенді танып білуге арналған арнайы әдістер маңызы зор: тарихи – салыстырмалы, тарихи – жүйелі.

Тарихты оқыту әдістемесі астарынан біз адам, қоғам, мемлекет мүддесінде мақсатты түрде тарихты оқыту мен тарихи тәрбие беру процесін көреме аламыз.

Тірек сөздер: Кеңес заманы, кеңестік Қазақстан мектебі, кеңестік әдістеме, кеңестік тарих, кеңестік билік, кеңестік идеология

Dariya Assymova¹ Aliya Bolatkhan²

¹ *PhD KazNPU named after Abay,*

² *PhD candidate, chief expert of science department Suleiman Demirel university*

EXPERIENCE OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF METHODS OF TEACHING HISTORY IN SOVIET SCHOOLS 1917-1980 Y.Y

Abstract

The article examines the history of the formation and development of methods of teaching history in schools of the Soviet country from 1917 to 1980. The structure of historical education in the USSR of the above period consists of theoretical, educational, methodological, personnel and material – technical complexes aimed at transferring knowledge about past epochs. The methodology of historical education reflects the political system and ideology of Soviet society in significant periods, the nature of the political regime and the structure of state power, in a more complex state.

Research of named problems is possible only on the basis of an interdisciplinary search. To process the history of the formation of the methodology of teaching history, special methods of cognition of the past are important: historical-comparative, historical-system. From the point of view of methods of teaching history we see the teaching of history and historical education in the interests of man, society, state.

Keywords: Soviet times, school of Soviet Kazakhstan, Soviet methodology, Soviet history, Soviet power, Soviet ideology

Дария Асымова¹ А. Болатхан²

¹PhD, КазНПУ имену Абая,

²докторант, главный специалист научного отдела университета имени Сулеймана Демиреля

ОПЫТ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ В СОВЕТСКИХ ШКОЛАХ 1917-1980 гг.

Аннотация

В статье рассматривается история становления и развития методики преподавания истории в школах Советской страны с 1917 по 1980 годы. Структура исторического образования в СССР вышеуказанного периода состоит из теоретического, учебно - методического, кадрового и материально – технического комплексов, направленных на передачу знаний о прошлых эпохах. Методика исторического образования отражает политическую систему и идеологию советского общества в знаменательные периоды, характер политического режима и структуру государственной власти, в более сложном состоянии. Исследование именных проблем возможно только на основе междисциплинарного поиска. Для обработки истории становления методики преподавания истории важны специальные методы познания прошлого: историко – сравнительный, историко – системный. С точки зрения методики преподавания истории мы целенаправленно видим процесс преподавания истории и исторического воспитания в интересах человека, общества, государства.

Ключевые слова: Советское время, школа советского Казахстана, советская методика, советская история, советская власть, советская идеология

1917 жылдың қазан айында ағартылушылық бойынша Халықтық Комиссариат ұйымдастырылды. Ал, 9 қарашада ағартушылық бойынша мемлекеттік комиссия. А. Луначарский мен М. Покровский тарихи білімнің оңды маңыздылығын теріске шығарып, азаматтық тарихты еңбек және әлеуметтану тарихымен алматыруды ұсынды. 1 этапта (1917- 1930 басы) тарихтың орнына қоғамтану курсы жүргізілді. Тарих курсының марксистік бағытта жандандырылған және жаңа іріктеуден өткізілген жекелеген элементтері қалтырылды. 1918 жылдың шілде айында реформаның бөлім меңгерушісі П. Лепешинский кеңестік еңбектік мектептің ұйымдастырылуын былай анықтады:

Оқу процесі жыл бойы жалғасады, үзілістер климаттық жағдайларға ғана байланысты болады. Сабақ 7 күн жалғасқанымен, оның 2-і экскурсияларға жіберілуі мүмкін. Сыныптық оқыту еңбектікке ауыстырылады, бағдарламаларда ұсынымды сипат болады. Мұғалімдер оқулықтарды пайдаланбайды, олар анықтамалар иеленіп, оқушылармен кеңесемелер жүргізігіе тиіс.

Емтихандар, білімді балмен бағалау, үй тапсырмалары жойылды. Сондай – ақ, педагогикалық кеңес шақыруы бойынша мектептен аудару мен шығарулар. Сыныптар орнына – ұсақ топтор - бригадалар, сабақтар орнына - студиялық зертханалық жұмыстар. Сабақтың жүргізілуі америкалық Дальтон – жоспар бойынша.

1918 жыл, қазан, БОАК (ВЦИК). Бірінғай еңбек мектебі жайлы. Мектеп 2 бағаннан тұрды: 8 - 13 жас аралығы (5жас) және 13-17 (4) жас аралығындағылар оқитын. Ұлдар мен қыздарды араластыра оқытатын ақсүйектік тегін оқыту. 1-ші кезеңде оқытудың 3-ші жылынан бастап орыс тарихының қарапайым курсы, соңғы, бітіретін жылы Конституция оқытылды. Өңгімелесу және экскурсия кездерінде басты назар туған өлкенің тарихын зерттеуге аударылды.

1920 жылы тарих бойынша бағдарламаны ендіруге талпыныс жасалғанымен оны қабылдамай тастады да, 1921 жылы қоғамтану курсы енгізілді. 1923 жылы пәндік оқытудан бас тартып, 1923 жылға дейін кешендік бағдарлама бойынша жұмыс жасай бастады.

Қоғамтану құрылымы және оны оқыту әдістері.

Өмірлік кешендерді оқыту қажет; табиғат, қоғам, еңбек. Басты мақсат - адамдардың еңбектік қайраткерлігі және өзіндік шығармашылыққа сүйене оқушылардың білім алуы. Тарихи деректер жұмысшы қозғалыстарының, капитализмнің шығуымен байланысты. Оқушылардың дамуына еңбектік, зертханалық-бригадалық, зерттеушілік әдістер ықпал етуі керек еді. Жоғарғы сыныптарға арналған А. Введенский мен А. Предтеченскийдің жұмысшы кітаптары бойышша оқушылар мақсаттық құрылыммен танысты, деректерді оқыды, сұрақтарға жауаптар іздеді. Оқушылардың баяндамалары оқылатын конференция мен мұғалімнің қорытынды сөзімен аяқталды. [1 б.27-58].

Зерттеушілік әдістерге – қатарлық тапсырыстарды орындау, оларға сызбаларды, карталарды салу, модельдеу, костюмдер мен керек – жарақтар жасау жатты. Бригаданың 2-3 рисовальщиктері

жылдық есеп беруге дайындалу барысында күні-түні тынбай жұмыс жасады. Көктем қарсаңында көрме ұйымдастырылды. Қоғамтану бойынша Б. Жаворонков пен С. Дзюбинскийдің зертханалық жұмыстары экскурсияға материалдардың жиналуын қарастырды. Сурет салу, сызу, модельдеу, драматизация, ән салу - Лайдың осы идеяларының бәрі еңбек әдістерінің негізіне жатты. Еңбектік мектепте әрекеттен білімге жүрсе, Лайдың мектебінде керісінше. Білім алу тарихи моделдеу, түрлі тарихи объектілерді реконструкциялау процесінде жүрді. Білім алу практика жүзінде тексерілді; шаруалармен, жұмысшылармен әңгімелесу, революциялық мейрам күндерінде.

XX ғасырды 30-шы жылдарында тарихты оқыту әдістемесінде жаңа этап басталып, тарих оқытылатын пәнге айналды. Биғадалық – зертханалық әдістен бас тартылып, оқушылар тобына жүргізетін сабақ анықталған кесте бойынша қатал түрде өтілетін жүйеге бейімделді, Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының орталық комитетінің 1931 жыл 5 қыркүйектен «Бастауыш және орта мектеп жайлы» және «Бастауыш және орта мектеп режимі мен оқу бағдарламалары жайлы» қаулының мақсаты оқушыларды ғылымдар негізімен қаруландыру болды.

Жоғарғы оқу орындарында тарихи деректер қалыпқа келтіріліп әдістеме кафедралары пайда болды. 1933 жылдың жазында тарих бойынша бағдарламалар шығарылды. Әрине олар маркстік қоғамдық – экономикалық формация теориясы негізінде еді. Ежелгі дүние және орта ғасырлар тарихы баяндалған алғашқы оқулық жарық көрді. Ал төл тарих жекелеген кіріспелер ретінде берілді. 1934 жылдың мамыр айында «СССР мектептерінде азаматтық тарихты оқыту жайлы» қаулы қабылданды. Курс негізінде хронологиялық реттегі түзулік ұстаным, отандық және жалпы тарихтың дербес курсы қалыптасты. [2 б.38-71].

1935-1941 жылдардан бастап, мектепте тарих сабағы аптасына 14-тен 25, 5-ке дейін көбейтілді. «Орта мектептеріндегі тарих» атты журнал, жаңа бағдарламалар мен оқулықтар шыға бастады.

1936 жылы 3 наурызында бастауыш сыныптарға арналған ең үздік тарих оқулығы үшін байқау жарияланып, 1937 жылы тамызында 46 қолтаңба ұсынылды. Параграфтар соңында атаулар мен түрлі-түсті көрнекіліктер пайда болды. Алаңда сұрақтар мен тапсырмалар, сызбалар мен кестелер болмады. Дегенмен, оның концепциясы тарих бойынша барлық оқулықтардың негізіне алынды. 1939 жылы тарих жалпы және СССР тарихы пәні бойынша бағдарламалар жаңартылды.

Ұлы Отан Соғысы кезінде тәрбиелік мақсат бірінші орынға қойылды; ұлттық бірлік пен патриотизмді күшейту орта ғасырларды оқыған кезде славян халықтардың алатын орны, мәдени мұраның, олардың жаулаушылармен бірлесе күрестерінің маңыздылығы.

Варварлар арасындағы немістердің мәдениеті жайлы фашистік миф теріске шығарылды. Кеңестік тарихтың ерлікке толы мәтіндерден тұратын іріктеу кітабы құрастырылды. [3 б.45-68].

Соғыстан кейінгі жылдары тарихты оқыту әдістемесі бойынша жазылған жұмыстарда тарих сабағының дидактикалық талаптары қарастырылды: тарихты оқытудағы көрнекіліктер, тарихи білімдерді меңгеру психологиясы, қайталау сабақтарының әдістемесі, түсіністік және фактілік білімдердің қалыптасу жүйесі, тарихты оқытудың әдістемелік жүйесі дәл осы кезеңде идеологиялық құрылым бой ала бастады. Оқушылар халық батырларына еліктеп, өз отанын бәрінен артық деп есептеуге баулынды. 1950 жылдың аяғында оқулықтар құрамына оқушылардың өзіндік жұмыстары үшін құжаттар ендіріле бастады. Ежелгі дүние және орта ғасыр тарихы бойынша дәптерлер біраз ғана тираждармен тәжірибелі оқу құралы ретінде тереңбаума шығарылды және екінші қайта басылмады. Түзулік ұстаным орнына концентризм ұстаным енгізілді, өйткені жетінші сыныптан кейін шет мемлекеттердің жаңа және қазіргі заман тарихымен таныспайтын еді. 1939 жылы 8 қыркүйегінде қабылданған «Мектептерде тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер жайлы» қаулы бойынша жалпыға міндетті білім – 8, ниеттілерге – 11 жылдық болып бекіді. КСРО тарихының курсы шетелдік тарихты сол бір хронологиялық шеңберде қарастыруға мүмкіндік берді. Қазіргі заманғы оқиғаларды кең қолтық зерттеу ежелгі және орта ғасырлар бойынша бағдарламалардың қысқартылуы есебінен жүзеге асады [4 б.64-85].

1960-шы жылдары тарихты оқыту әдістемесінің дамуындағы жаңа тенденциялар.

Социалистік қоғамның жетілуі өсіп келе жатқан ұрпақты арман қарай тәрбиелеу мен оларға заманға сай білім берудің тапсырмаларын айқындады. Ғылыми – техникалық төкеріске байланысты өздігінше білім тауып, өз бетімен ақпараттар негізінде бағыт табу қажеттілігі туды. Ал, қоршаған орта өзінің идеологиялық позицияларын, социализм негіздерін ұстап қалуға баулынды. 1959 жылы 8 қазанында «Мектептерде тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер жайлы» қаулы қабылданды. Онда жастарды коммунистік идея рухында, буржуазиялық идеологияға төзбеуге тәрбиелеу көзделді.

Сыныптарда:

4 – эпизод әңгімелер;

5 – ежелгі дүние тарихы;

6 – орта ғасыр тарихы;

7 – шет мемлекеттердің жаңа және қазіргі заман тарихы бойынша мағлұматтар қамтылатын СССР тарихы;

9 – шет мемлекеттердің жаңа және қазіргі заман тарихы;

10 – СССР тарихы;

Сондай-ақ, Кеңестік Республикалар тарихына аса назар аударылып, Африка, Азия, Латын Америка халықтарының қазіргі замандағы дамуларының зерттелуіне ден қойылды. Бірақ, Ежелгі дүние және орта ғасыр тарихы бойынша бағдарламалар қысқартылды. 1962-1963 жылы қоғамтану курсы енгізілді. Шаруашылық пен мәдениеттің дамуы жаңа мамандардың дайындалуын, 8 жылдық мектеп беретін білімнен әлде қайда тереңдетілген білім жүйесін талап етті. Сондықтан, 1965-66 жылдары Арнайы орта оқу орындарында, Кешкі мектептерде орта білім беру енгізілді. Жалпыға міндетті орта білімге көшу жүзеге аса бастады. 1965 жылдың 14 мамырында «мектептерде тарихты оқыту тәртіптерінің өзгертілуі жайлы» қабылданған қаулы бойынша 4, 5, 6 сынып енгізілмегенімен, 7-10 сыныптарда тарихтың бірегей курсы енгізілді, ал 8-10 сыныптарда жаңа және қазіргі тарих. Осылайша, 1961 жылы білім берудің 10 жылдық мерзімі қайта орнатылды. Материалдармен фактілерді іріктеу үнемшіл бола түсті, қоғамның Ежелгі этаптары қысқартылды. Қазіргі заманғы тереңірек зерттелді. Қазіргі заманғы және шет елдік тарихты баяндаудың синхрондылық, факультативтік, курстар мен Маркстік – Лениндік негіздерді оқыту маңызды орынды алды. Білімді беріп қана қоймай оны бекітетін, оқушыларды дамытатын тарих оқулықтарының жаңа типтері шығарылды, авторлық мәтіндер, құжаттар, сызбалар, кестелер иллюстрациялар, түрлі анықтамалық материалдармен өз бетінше жұмыс жасауға үйретеді. [5 б.29-41].

Параграфтар мен тараулар аяғында, мәтіннің өзінде иллюстрацияларға тапсырмалар мен сұрақтар жазылды. Бұл дамушы білім беру идеяларын жүзеге асыруға бағытталған еді.

1970-80 жылдары тарихты оқыту әдістемесі мен тарихи білім берудің кереғарлық мінездемесі.

Мектептегі тарих курстарында болған келесі өзгерістер жалпыға бірдей білім беруге көшумен байланысты. 1970 жылдары тарихи білім беруде болған өзгерістер нәтижесінде келесідей құрылым қалыптасты:

- 5 сыныпта – Отандық тарих бойынша эпизод әңгімелер (2 сағат);

- 6 сынып – Ежелгі дүние тарихы (2 сағат);

- 7 сынып – Орта ғасырлар тарихы (2 сағат);

- 8 сынып – XVIII ғасырға дейінгі Отан тарихы (2 сағат);

- 9 сынып – Жаңа тарих (2 сағат), 19 ғасыр Отан тарихы;

- 10 сынып – Жаңа тарих (2 сағат);

- XX ғасырдың басынан 30 жылға дейінгі Отан тарихы және 30-шы жылдардың аяғына дейінгі қазіргі заман тарихы (4 сағат);

- 11 сынып – Қазіргі заманға дейінгі отандық тарих, 1939 жылдардың қазіргі заманға дейінгі тарих (3 сағат).

Тарих пәніне аптасына 18, жылына 6/2 сағат бөлінді.

Әдістемелік маңызды мәселе – КСРО тарихы курсымен байланыста Кеңестік Республикалардың тарихын зерттеу еді. «Біздің өлке» тақырыптарында Кеңестік Республикалар тарихы бойынша оқулықтар құрылды, ал өлкелер мен облыстарда - өлкетану құралдары.

1970 жылдары тарихты оқытуда оқушыларға нәтижелі білім беру жолдарын іздестіру бойынша мұғалімге көмекші құралдар мен тәсілдер өңдеп шығарылды, оқушыларды өз бетімен білім алуға және қарқындаушы ақпараттар легінде белгілі бір бағыт ұстана білуге үйрету мақсат етілді.

Дидактикада мектеп оқушыларың оқу процесіндегі дербестіктері мен белсенділіктерін күшейту, білім беруде тәрбие рөлінің арттырылу, сабақ интенсификациясы, оқытуда проблемалылықты ендіру мәселелері қарастырылды.[6 б.29-37]. 1960-1980 жылдарда басты мақсат оқушылардың дербестіктері мен белсенділіктерін арттыру болғандықтан танымдық қайраткерлікті арттыру мәселесіне, біліктіліктерді қалыптастыруға, жұмыс тәсілдеріне басты назар аударылып, дамып келе жатқан оқыту жайлы сұрақтар көтеріле бастады.

1933 жылға дейін тарихи материалдар жалпы тарихты тиісті бөлімдерінде берілді. Оқулықтар мен оқу құралдары болмады, білімнің негізгі көзі мұғалімнің ауызша сөзі болды.

1930 жылы мектептің тарих курсына ғалымдар мен әдіскерлердің әдістемелік өзара қарым-қатынастары болмады. Сол заманның әдістемесінің деңгейін көрсететін материалды жеткізу мінезі мен педагогиканың идеялары сол баяғыдай қалып қойған оқулықтар болды. Кемшіліктері ретінде құжаттар басы аяғымен жоқ бола тұра, аттар, деректер, тарихи мерзімдердің тым көп берілуін, сұрақтар мен жауаптардың болмауын алуға болады, сондай-ақ, мұғалімнің әңгімеленуі бірінші орында болып, өзіндік жұмыстың екінші орынға ығыстырылуын және назардың субъектісі емес, объект ретінде қарастырылуын айтуға болады.

1950-ші жылдардың соңында тарих-әдістемелік ой психология-педагогикалық ғылымдармен байланысты күшейту түзуімен жүрді. Материалды қалай баяндау; қалай әңгімелесу, суреттерді, карталарды қалай пайдалану жайлы оқытудың тәсілдері жетілдірілді. Бірақ, кері байланыс болмады, сабақта оқыту не істейтіндігі, қалай ол тарихты танытқандығы түсініксіз болады.

Тарихи білімнің құрылымына тек ғылымдар негізінің білім жүйесімен қатар қайраткерлік әдістері мен оқушылардың жалпы тарихи дамуы енді. Білім беру КПСС –ң саяси тапсырысын орындады. Ал, тарих Маркстік – Лениндік идеологиясына тәрбиелі құрал болды. [7 б.11-26].

Ауқымды зерттеу жұмыстары мен алдыңғы тәжірибелерді тиімді қолдану нәтижесінде 1980 жылдары тарих бойынша бағдарламалар жетілдірілді, тарихи білім мазмұнының идея–теориялық деңгейі көтерілді, оқыту жылдары бойынша оның дамушы және тәрбиелік тапсырмалары айқын әрі нақты көтерілді. Бағдарламаларға негізгі түсініктер мен идеялар, пәнаралық және курсаралық байланыстар, біліктер мен дағдылар енгізілді. 1980 жылдары алдыңғы қоғамдық қатнастар құлдырауының кесірінен білім беруде күйзелістік құбылыстар бел алды. Қоғам дамуының жаңа тенденцияларына сай келетін білім берудің жаңа конструкциялары қарастырыла бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрлығұл Т.Т. *Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі.* - Алматы: Ғылым, 2003 ж.
2. *Историческая наука и историческое образование на рубеже XX-XXI столетий: Четвертые всероссийские историко-педагогические чтения.* - Екатеринбург: УрГПУ, Банк культурной информации, 2000.
3. Ушмаева А.В. *Историческое образование как объект исследования*- Москва, 2005.
4. Фишев А.В. *Методика обучения истории.* - Екатеринбург, 2003.
5. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. *Методика преподавания истории в школе: Практическое пособие.* - Москва: Гуманит. издат. центр ВЛАДОС, 1999.
6. Короткова М.В., Студеникин М.Т. *Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях: Практическое пособие для учителей.* - Москва: Гуманит. издат. центр ВЛАДОС, 1999.
7. Студеникин М.Т. *Методика преподавания истории в школе: Учебник для студентов высших учебных заведений.* - Москва: Гуманит. издат. центр ВЛАДОС, 2003.

List of references:

1. Turlygul T. T. *theory and methodology of teaching the history of Kazakhstan in school.* - *Almaty: Nauka, 2003.*
2. *historical science and historical education across the XX-XXI tables: four historical and pedagogical readings.* - *Yekaterinburg: Ndpi, Culture Information Bank, 2000.*
3. Ushmaeva A.V. *historical education as an object of research* - *Moscow, 2005.*
4. Fishev A.V. *methodology of teaching history.* - *Yekaterinburg, 2003.*
5. Vyazemsky E. E., Strelowa O. Yu. *methodology of teaching history in school: practical benefits.* - *Moscow: Humanitarian. "no," I said. VLADOS Center, 1999.*
6. Korotkova M. V., Studenikin M. T. *methodology of teaching history in schemes, tables, descriptions: practical benefits for teachers.* - *Moscow: Humanitarian. "no," I said. VLADOS Center, 1999.*
7. Studenikin M. T. *methodology of teaching history in school: textbooks for students of higher educational institutions.* - *Moscow: Humanitarian. "no," I said. VLADOS Center, 2003.*